

Т.А. Еришева^{1*}, А.Б. Альдибаева², Л.Н. Ибраимов²

¹А. Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан;

²М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз, Қазақстан

(E-mail: tolkyn_08.03.1987@mail.ru, 1508_aida@mail.ru, nurzhan.ibraimov.82@mail.ru)

XIX ғасырдағы реформаларға Қазақстандағы жергілікті билік өкілдерінің бейімделуі және тарихи жады мәселелері (Жантулиндер әулеті мысалында)

Мақалада XIX ғасырдағы патшалық Ресейдің Қазақстанда жүргізген реформаларына Жантулиндер әулетінен шыққан жергілікті билік өкілдерінің бейімделуі үрдісі тарихи жады деректері негізінде талданған. Ғылыми мақаланың негізгі мақсаты — XIX ғасырдағы Ресей империясының қазақ даласын басқару жүйесіне енгізген өзгерістеріне Жантулиндер әулеті өкілдерінің бейімделуі үрдісін зерделеу және осы әулеттен шыққан сұлтан билеушілер мен шенеуніктердің әкімшілік-территориялық реформаларды жүзеге асырудағы қызметін талдау. Авторлар отаршылдық әкімшіліктің жергілікті қызметшілері Ахмет, Мұхаммед және Сейітхан Жантулиндердің саяси және қоғамдық қызметін қарастырады. Зерттеушілер Жантулиндер әулетінің өкілдері туралы революцияға дейінгі кезеңде жарық көрген еңбектерді, жарияланған орыс деректерін және ғылыми мақалаларды қолданған.

Кілт сөздер: тарихи жады, билік өкілдері, Жантулиндер әулеті, қазақ шенеуніктері, Ресей империясы, басқару жүйесі, әкімшілік-территориялық реформалар, билеуші-сұлтан.

Кіріспе

Тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін қазақ халқының өз өткеніне деген қызығушылығы артып, тарихи жады қалпына келтіріле бастады. Алдыңғы тарихи тәжірибелерді қайта қарастыруға байланысты қазіргі қоғамда орын алып отырған өзгерістер жағдайында қазақ халқының тарихи жадысы мәселесіне ерекше назар аударылуы керек. XIX ғасырда қазақ даласында терең саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени өзгерістер болды. Қазақ даласында әкімшілік-территориялық реформалар жүзеге асырылып, Ресей империясының билігі күшейе бастаған кезеңді тарихи жады тұрғысынан қарастыру маңызды.

Ұжымдық тарихи жады өте күрделі құбылыс, оған көптеген факторлар ықпал етеді. Тарихи жады мәселесіне өткен заман, қазіргі шақ пен болашақтың өзара байланысында, яғни ұрпақтар сабақтастығы негізінде қараған жөн. Жаһандану дәуірінде жеке тұлғалар мен ұлттық қауымдастықтар үшін ұлттық сана, ұлттық бірегейлік ерекше өзекті болып отыр. Саяси-әлеуметтік өзгерістердің куәгерлері мен қатысушыларының тарихи сахнадан кетуіне байланысты уақыт өткен сайын өткен дәуірдің айғақтарына сұраныс арта түседі. Тарих ғылымы аясында тарихи оқиғалар мен процестерді бастан өткерудегі, оны ұғыну және келер ұрпаққа жеткізудегі адамдардың тәжірибесінің ерекшеліктерін зерттеу қажеттілігі туып отыр. XIX ғасырда болған оқиғалар мен өмір сүрген тұлғалардың халықтың ұжымдық жадысында сақталуына ақын-жыраулардың шығармалары мен ел ішінде айтылған тарихи әңгімелер, естеліктер, тұлғамен байланысты жер атаулары үлес қосады. Осы деректерде сол кезеңдегі тарихи оқиғалар мен тұлғалардың оң немесе теріс бағаланғанын көруге болады. Әртүрлі тарихи дәуірлер мен кезеңдердегі, оның ішінде XIX ғасырдағы тұлғалардың саяси және қоғамдық қызметі осы уақытқа дейін ұжымдық тарихи жады негізінде аз зерттелген.

Зерттеу әдістері

Мақаланың әдіснамалық негізіне ғылымдағы тарихилық және объективтілік принциптері алынды. Мәселені зерттеуде салыстырмалы-тарихи, хронологиялық, биографиялық әдістер және проблемалық-тақырыптық ұстаным пайдаланылды. Салыстырмалы-тарихи әдіс тарихи жады деректерін басқа тарихи деректермен салыстыру арқылы деректің шынайылығын анықтауға мүмкіндік берді. Хронологиялық және биографиялық әдістер тұлғалардың өмірі мен қызметін уақыт бойынша хронологиялық реттілікпен қарастыру үшін қолданылды.

* Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: tolkyn_08.03.1987@mail.ru

Зерттеу нәтижелері және талқылау

XIX ғасырдың 20-жылдары қазақ қоғамының дәстүрлі басқару жүйесінен империялық басқару жүйесіне өту процесі басталды. Ресей империясы өлкені басқаруға қазақтың қалың ортасынан шыққан ақылды, білімді адамдарды тартуға тырысты. XIX ғасырда Ресей империясы қызметке тартқан, Қостанай мен Торғай өңірі халқының тарихи жадысында қалған тұлғалардың бірі — Ахмет Жантурин. А. Әбсадықтың пікірінше, А. Жантурин «көрегендігімен, ақылдылығымен, әділдігімен ел жұрттың есінде ерекше сақталған» [1; 136].

Ахмет Жантурин (1810-1851) — Жәдік сұлтан әулетінен шыққан, Хиуа ханы Қайыптың ұрпағы. Ахметтің әйелі — Башеке Шотаева, Орта жүз ханы Абылайдың ұрпағы, билеуші-сұлтан Шотай Бақтыгереевтің қызы. Әкесі — Жантөре Жиһангереев 1828-1835 жылдары Кіші жүздің Шығыс бөлігінің билеуші-сұлтаны болған [2; 66]. А. Жантурин 1841-1851 жылдары 10 жыл бойы Кіші жүздің Шығыс бөлігінің билеуші-сұлтаны қызметін атқарады. Бауыры Мұхаммед Жантурин оның көмекшісі болады.

Ахмет сұлтанның өмірі және қызметі туралы естеліктер мен мәліметтер XIX ғасырдың аяғына таман жазыла бастаған. 1895 жылы «Тургайская газета» бетінде Х. Қаржасов «Из воспоминаний о султани Ахмеде Жантюрине» деген мақала жариялайды. Х. Қаржасов 1869 жылы Торғай және Қостанай уездерінің құрамына кірген қазақтардың арасында Ахметтің жақсы жағынан есте қалғанын айтады. Х. Қаржасов өз естелігінде Ахмет сұлтанның орыс оқу орындарында қазақ балаларын оқытудың негізін қалағандығын атап өтеді. Билеуші-сұлтан Ахмет 2-ші Неплюев кадет корпусына өзінің баласы Сейітханды, немере інілері Махмұд пен Омарды, Айтөре мен Күнтөре Сейдалиндердің, Жәнібектің және қара қазақ Маусымбайдың балаларын оқуға береді. Кейін Орынборда Шекара комиссиясы жанынан құрылған Бірінші қырғыз мектебіне Алтынсарының ұлын, Қалжан және Хамза Қаржасовтарды, өз молдасының екі ұлын, Хисаметдинді, Көшербайды, Құлыбекті және тағы 20 ұл баланы оқуға жібереді. Бұған қоса, Х. Қаржасовтың естелігінде Үсек ақынның өлеңінен үзінді келтірілген. «Ахмет хан болды да дау құрыды, Теңеген ат құлағын жау құрыды» [3; 2] деп Х. Қаржасов Ахмет басқарған тұста елде дау-дамай тыйылып, халықтың тату-тәтті өмір кешкенін баяндайды.

А.В. Васильевтің еңбегінде Ахмет сұлтан туралы құнды деректер кездеседі. А.В. Васильев өзінің 1896 жылы шыққан «Оренбургский Неплюевский кадетский корпус, как первое учебное заведение в истории русского образования киргизов» еңбегінде Шығыс Орданың билеуші-сұлтаны Ахмет Жантурин жайлы жазып, осы еңбегіне оның портретін енгізеді. 1825 жылы ашылған Неплюев әскери училищесі 1844 жылы кадет корпусы болып қайта құрылып, әрқайсысы 100 оқушы-интерндерден тұратын еуропалық және азиялық екі эскадронға бөлінеді. Корпустың азиялық эскадронынан 30 вакансия қазақ сұлтандарының, старшындары мен билерінің балаларына беріледі. Әкімшілік осы бөлінген 30 орынға қазақ балаларын оқуға орналастыру үшін Бөкей Ордасының ханы мен билеуші-сұлтандар арқылы әрекет етеді. А.В. Васильев қазақ балаларына бөлінген 30 вакансияны игеруге қолдау көрсеткен қазақ билеушілерінің ішінен Шығыс Орданың билеуші-сұлтаны Ахмет Жантуринді ерекше атап өтеді [4; 5-7]. Ахмет сұлтан заман ағымына қарай қазақ балаларына орыс тілінде білім берудің пайдасын, Ресей империясы алдағы уақытта қазақ ақсүйектерінен шыққан беделді адамдарға емес, орысша сауаты бар адамдарға сүйенетінін жақсы түсінген. Сондықтан бір жағынан басқаларға үлгі болу үшін өз баласын да орыс оқуына береді.

Қазақтың көрнекті тұлғасы Ш.Ш. Уәлихановтың еңбектері мен хаттарында Ахмет сұлтан жайлы мәліметтер бар. Ш.Ш. Уәлиханов «Қазақ халық поэзиясының түрлері туралы» еңбегінде «Орақ батыр» жырының кейбір үзінділерін қырғыздардың көбі білетіндігін және бірде жырдың толық нұсқасын Кіші жүзде Нұрымбай жыршыдан естігенін жазады. Шоқан Нұрымбай жыршы туралы «ол алшын руынан, бірақ Ахмет Жантуриннің басқаруындағы қыпшақтардың қонысында тұрақты тұрады» деп мәлімет береді [5; 281]. Аталмыш Ш.Ш. Уәлихановтың шығармалар жинағында Ахмет Жантурин жайлы XIX ғасырдағы Торғай және Ақтөбе қазақтарының билеуші-сұлтаны деп түсініктеме берілген [5; 399].

Шоқан Уәлиханов орыс тіліне аударған Едіге жырының бір нұсқасын Шыңғыс Уәлиханов Ахмет Жантуринге жаздырып алған еді. Бұл жайында Шоқан Уәлиханов: «Первый список с рапсодии Идыге делан был султаном Чингизом Валихановым со слов ... кыпчака Джумагула, второй сделан им же с добавлениями их изустных предании разных лиц, третий список сделан был со слов Арслан-бая и, наконец, из этих трех списков, вместе с Чингизом, мы составили в 1842 году свод, переписанный Ахмед ..., с которого уже переведена настоящая рапсодия...» [6; 224-225] деп жазады.

Ш.Ш. Уәлиханов 1860 жылы 9 тамыз күні Петербордан әкесі Шыңғысқа жазған хатында: «Орынбордан шыққан сұлтандар бір жұма болды мұнда келгеніне. Мұқан сұлтан (Мұхаммед Жантурин) бәріне председатель. Бір письмоводитель бар, атын ұмыттым, һаммасы сегіз-тоғыз кісі. ...Переводчигі қазақ төресі Альмұхаммед Сейдалин. Жақып оны біледі. Ахметтікінде көрдік» [7] дейді. Шоқанның әкесі Шыңғыс Ахмет және Мұхаммед Жантуриндермен жақсы араласқан және Шоқанның өзі де Ахмет сұлтанның үйінде қонақта болған.

Бұған қоса А. Жантурин халықтық тарихи жадыда сақталған шежіре-жырларды жинаумен айналысқан. Ә. Марғұлан Ахмет сұлтанның осы қыры туралы былай деп жазады: «Орталық архивтегі тарихи, этнография, өнертану саласынан көп дерек беретін материалдар — Қарқаралы билерінің Петерборға елші болып барғандағы жазулары, қазақ өмірін көп зерттеген Ахмет Жантуриннің елшілігі» [8; 63]. Ахмет 1849/1850 жылы Санкт-Петербург қаласына барып, императордың қабылдауында болған [9; 25]. А. Жантурин қасына Балғожа би мен Бірімжанды ертіп апарған. Олармен қосылып қазақтың халық заңын жазып, оның қазақша жазуын Орынборға тапсырған [8; 63]. Петербургке сапары кезінде А. Жантурин императордың жарлығы бойынша полковник шенін алады, делегация құрамында болған 12 жастағы Сейітхан Ахметұлына алтын сағат табысталады [2; 74].

Ә. Марғұланның айтуынша, Сегіз сері (1808-1854 жж.) «Қозы көрпеш — Баян сұлу» жырының бір нұсқасын жазып алған. Торғай өлкесіне саяхатқа шыққанда Сегіз сері осы қағазға жазылған жырды шежірені, жырды көп жинайтын Ахмет Жантуринге тарту қылып беріп кетеді. Кейін ол жыр А. Жантуриннен В.В. Григорьевке ауысып, одан Ильминскийдің қолына түседі [8; 222]. 1825-1830 жылдары И. Беленицин қазақтардың арасында тұрып, қазақ тілін білетін және қазақ халқының этнографиясын, рухани мәдениетін, заңдарын зерттейді. Ахмет Жантурин Беленициннің жанында жүріп, көмек береді [8; 206].

Патша әкімшілігінің мақсаты қазақ балаларын орыс оқу орындарында оқытып, империялық жүзеге қызмет ететін кадрларды дайындап шығару болды. Ахмет Жантурин оқуға жіберген қазақ балалары кейін әскери және әкімшілік басқару жүйесінде қызмет ете бастады. Махмұд Жантурин 1851 жылы Неплюев кадет корпусын бітіреді. 1857 жылы сотник шенін алады. 1858 жылдан бастап шекара шегіндегі 21–дистанцияның басшысы болып қызмет етеді [10; 263]. Кейін осы дистанцияның бөліктерінен құралған Кеңарал болысын басқарады [3; 2]. Деректерге қарағанда Махмұд орыс тілін жақсы білген және суретті жақсы салған.

Ахмет сұлтан Ы. Алтынсариннің де білім алуына себепкер болды. Ы. Алтынсариннің Торғай облысындағы қазақ мектептерінің инспекторы қызметін атқарғаны белгілі. Әлмұхаммед Күнтөреұлы Сейдалин 1869-1893 жылдары уездік сот лауазымында қызмет атқарса, Тілеумұхаммед Айтөреұлы Сейдалин Торғай уезі бастығының көмекшісі қызметін атқарады [3; 2]. XIX ғасырдың екінші жартысында орыс оқу орындарында білім алған қазақ балалары патша үкіметіне қызмет еткен ерекше шенеуніктер тобын құрай бастады.

1947 жылы ақын Мариям Хакімжанова Қазақстан Ғылым академиясының мұра жинаушылары құрамында Қостанай, Торғай өңірлеріне барады. Сол кезде Сейітқали Төлегенұлы деген кісіден Ы. Алтынсариннің бір өлеңін жазып алып, оны академияның сирек кездесетін кітаптар мен қолжазбалар қорына тапсырған. Сейітқали Төлегенұлы — көпті көрген, құйма құлақ қарттардың бірі болған. Сейітқалидың ұлы атасы Көтібар Балқожамен бірге туады, әкелерінің есімі — Жаңбыршы. Көтібар Жаңбыршының тоқалынан туады. Төлегеннің айтуына қарағанда, Ыбырайдың бұл өлеңін Қостанай, Торғай халқы «Өсиет» өлең деп атайды екен. Дерек беруші өлеңнің аяқ жағын ұмытып қалғанын айтады. Халық жадында сақталған осы өлеңінде Ы. Алтынсарин Ахмет сұлтанның қызметіне оң баға береді:

«Данышпан кешегі өткен Ахмет Сұлтан
Хан еді екі жүзде қадір сұбхан.
Жан таппас, ақыл жетпес әрбір ісі
Танданды орыс, қазақ қалды қайран».

Ы. Алтынсарин А. Жантуриннің ақылдылығын, даналығын сипаттап, оның қызметін тек қазақ халқы ғана емес, орыстардың да жоғары бағалағанын атап өтеді. Сонымен қатар Ахмет сұлтан ел билеген кезеңді одан кейінгі кезеңмен салыстырып, халықтың жағдайының біршама нашарлағанын бейнелейді:

Халиқсан сол сұлтанның заманында
Қайғы деген бар ма еді хабарында.

Билері, ханы гаділ, түзік болса,
Ол халықтың кемдік көрмес жаманы да...
Ол кезде біздің Қыпшақ заманы еді,
Ханымыз Ахмет сұлтан аман еді.
Ту алып, тұлпар мінген сол ерлердің
Бұл қазақ басқан ізін табар ма енді [11; 11].

Ахмет 1851 жылы 2 тамызда қайтыс болады, қазіргі Қостанай облысы Федоров ауданындағы Жолжүрген көлінің жағасына жерленеді. Ахметтің әкесі Жантөре Жиһангерұлы да осы жерге жерленген [12; 275].

Ахмет Жантурин қайтыс болғаннан кейін Мұхаммед Жантурин (Мұқан сұлтан) 1851 жылдың 2 тамызынан 1869 жылғы 1 қаңтарға дейін, яғни өлкені басқаруға өзгеріс енгізілгенге дейін билеуші-сұлтан қызметін атқарады. Оған патша үкіметі 1846 жылы сотник, 1858 жылы есаул шенін береді. Мұхаммед 1860 жылы Санкт-Петербургке келген кезде оған әскери старшина шені беріледі. Кейін 1864 жылы подполковник шенін алып, 1867 жылы II дәрежелі әулие Станислав орденімен марапатталады [10; 340].

1844 жылғы 13 желтоқсандағы Орынбор қазақтарының Шығыс бөлігінің билеуші-сұлтаны А. Жантуриннің Орынбор шекара комиссиясының төрағасы, генерал-майор М.В. Ладыженскийге жіберген рапортында Мұхаммед Жантурин туралы мынадай мәлімет берілген: «Мұхаммед Жантурин Орданың шығыс бөлігінің билеуші-сұлтанының көмекшісі, 36 жаста. Жазда Тобыл өзенінің айналасын, қыста Тобыл өзенінің бойын мекендейді. Жағдайы жақсы, мінезі өте жақсы, татарша және орысша сауатты». 1841 жылы 28 тамызда Мұхаммед Жантурин Орданың шығыс бөлігінің билеуші-сұлтанының көмекшісі қызметіне тағайындалады. 1839 жылы әскери старшина Лебедев басқарған экспедицияда болады. Осы жылы Сібір ведомствосының бүлікшіл ауылдарын басып алу мен қудалау кезіндегі еңбекқорлығы мен адалдығы үшін Анна лентасындағы күміс медальмен марапатталады [10; 31].

1850 жылы 15 қаңтардағы Орынбор қазақтарының Шығыс бөлігінің билеуші-сұлтанының іс жүргізуші Г.П. Половоротов Орынбор шекара комиссиясының төрағасы М.В. Ладыженскийге берген рапортында Мұхаммед Жантуринге лауазымы бойынша да, ақылы және қабілеттері бойынша да қазақтардың арасында ықпалды, беделді және сыйлы адам деп сипаттама береді [10; 115].

Халық жадында Мұхаммед Жантурин Мұқан правитель деген атпен қалған. Ел арасында Мұқан сұлтан туралы көптеген әңгімелер бар. Солардың бірінде оқиға былай баяндалады: «Арғынның қанжығалы руынан шыққан атақты шешен Асаубай Жәдігерұлы ел аралап жүріп Мұқан правительдің үйіне келіп түседі. Мұқан қонағына мойнына кескек байланған бір қойды алдырып, бата сұрайды. Сондағы Асаубайдың айтқаны:

Қол жайып, әумин деп мына қойға,
Отырмын сөз таба алмай екі дайда.
Көзге атқан құралайды мергендей-ақ,
Асынған қылыш, мылтық тұла бойға.
Қалыпты құр сүйегі, қызылы жоқ,
Қасқырдан бір қорлықты көрген қой ма?!
Елегізіп, жан-жағына жалтақтайды,
Өлуге қолы тимей жүрген қой ма,
Екі жақ бүйірінде бір жүні жоқ,
Үстіне қыз-келіншек мінген қой ма?
Қаусаған тісі түсіп кәрі қойды,
А, төрем, тілімді алсаң, тіпті сойма!

Мұны естіген Мұқан сұлтан қойды қоя бергізіп, басқа мал алдырып, қонақасы беріпті. Ертеңіне жүрер алдында арқасы жауыр бір атты алдырып, есік алдына әкеліп, Асаубайға: «Мынау ат сіздің келген жолыңызға берген сыйымыз!», – дейді. Атты көргенде Асаубайдың былай айтыпты:

Жануар, мал екенсің тартқан тарлан,
Дәрежен артық екен басқа малдан.
Ойда арғын, қырда қыпшақ, жаппас, төре,
Үстіне жан бар ма екен шықпай қалған?
Сұраушы ел шетіне біреу келсе
Мырзаның малы екенсің ыңғайға алған.

Сөзден тосылған правитель құла айғырды алдырады. Сонда Асаубай:

Жылқыдан алдырыпсың құла айғырды,
Алты ай жаз мінілмеген құр айғырды.
Үстінде құранды ер мен көпшігі жоқ,
Мінемін енді қалай бұл айғырды? – депті.

Айғырды ерттеп, мініп келген атын қосарына байлап, енді жүргелі тұрғанда Асаубайға Мұқан: «Ақыным, менің сыйыма енді ырзасың ба?», – дегенде, Асаубай:

О, төрем! Төрелігің қала ма ойдан?!
Туыпсың мықты болып шалағайдан.
Доңыздың қара шұбар қабанындай,
Қорқады көрген адам анадайдан, – деп айтарын айтып, шаба жөнеліпті [13]».

Мұхаммед Жантурин 1880 жылдардың басында қайтыс болады, Қостанай уезіндегі Кеңарал болысының Кеңарал шатқалына (қазіргі Федоров ауданы) жерленеді [12; 275].

Жантулиндер әулетінің келесі бір жарқын тұлғасы — Сейітхан Ахметұлы Жантурин. С. Жантурин (1837-1891) Орынбор Неплюев кадет корпусында оқыған. 1855 жылы 25 қазанда кадет корпусын бітірген кезде Сейітханға сотник шені беріледі. Ол 1860 жылы 15 ақпаннан Орынбор қырғыздарының облыстық басқармасында қызмет ете бастайды. 1860 жылы 5 шілдеде есаул, 1866 жылы 21 мамырда әскери старшина болады. 1868 жылғы 21 қазандағы Ережеге байланысты 1869 жылы 1 қаңтардан бастап Торғай әскери губернаторы жанындағы ерекше тапсырманы орындаушы кіші шенеунік қызметіне тағайындалады [10; 360].

С. Жантурин 1868 жылғы Уақытша ережені енгізуге байланысты жауапты міндеттерді атқарды. Ы. Сариева бұл жайында: «...1868 жылғы Ережені мойындамай патшаға қарсы соғысуға келіскен Торғайдағы арғындар мен қыпшақтар 1869 жылғы көтеріліске жөнді қатыса алмады. Себебі, «патша үкіметіне, оның қуатты қаруына қарсы тұрарлық арғын мен қыпшақтың күш-қуаты да, мүмкіндігі де жоқ», – деп уез бастығының көмекшісі Тілеумұхамед Сейдалиев, есаул Махмұт Жантурин және оның немере ағасы, генерал-адъютант Крыжановскийдің қарауында ерекше тапсырманы орындаушы шенеунік, подполковник сұлтан Сейітхан Жантурин, арғынның беделді адамы, әскери старшина Қазыбек Шегеновтер қарауындағы халықты көтеріліске қатыстырмай, қырғыннан аман сақтап қалды», [14;9] – деп жазады.

Орынбор генерал-губернаторы С. Жантулинді Орал облысы қырғыздары арасында жаңа ережені енгізу үшін жіберілген ұйымдастырушылық комиссияның мүшесі етіп тағайындайды. Бұл іссапарда 1869 жылдың 30 сәуірі мен 7 шілдесі аралығында болады. 1869 жылғы 18 маусым мен 20 қыркүйек аралығында Орынбор генерал-губернаторы Сейітханды флигель-адъютант, полковник, граф Борхқа Орал облысының Ембі уезінің қырғыздарына жаңа ережені енгізуге жәрдемдесу үшін Ақтөбе бекінісіне іссапарға жібереді. Торғай облысының әскери губернаторы С. Жантулинді 1870 жылы ақпанда Елек қаласында ашылған, сайланған билердің төтенше аралас съезіне, 1869 жылы қазақ даласында болған тәртіпсіздіктер кезінде қырғыздар жасаған түрлі қылмыстық істерді шешуге қатысуға тағайындайды. Бірақ басшылықтың өкімі бойынша съезд жұмысы тоқтатылып, бұл іссапарға бармайды.

Ереже енгізілгеннен кейін, 1870 жылы 10 маусым мен 15 тамыз аралығында Орынбор генерал-губернаторының Орал және Торғай облыстарына сапары кезінде Сейітхан тілмаш қызметін атқарады. Сондай-ақ басқа уездер шегінде қазақтардың жазғы көшіп-қонуы жөнінде ережелер құрастыруы үшін Ақтөбе қаласында өткізілген, Торғай облысының Елек, Ырғыз уездерінің және Орал облысының Орал, Ембі, Гурьев уездерінің әртүрлі қазақ руларынан сайланғандардың арнайы съезіне қатысады.

1875 жылы 13 тамыз–2 қазан аралығында Орынбор генерал-губернаторы Орал және Торғай облыстарын аралаған кезде Сейітхан онымен бірге болады. 1877 жылы 12 шілдеден 10 қыркүйекке дейін Торғай облысының әскери губернаторы облысты аралағанда да оның жанында болған. Сейітхан Ресей империясының жоғары дәрежедегі шенеуніктері сенім артқан және олармен тікелей қарым-қатынас жасаған тұлғалардың бірі болды.

Өте жақсы, ыждағатты қызметі үшін 1870 жылы III дәрежелі Станислав орденімен және 1874 жылы 24 маусымда III дәрежелі Әулие Анна орденімен марапатталады. 1878 жылы 8 қыркүйекте подполковник шені беріледі. 1881 жылы 31 қаңтарда ауруына байланысты және өтініші бойынша қызметтен босатылады.

Сонымен бірге Сейітхан білім саласына да үлес қосты. 1870 жылы Торғай әскери губернаторы оны қыздар гимназиясының қазақтар тарапынан қамқоршылық кеңесінің мүшесі етіп тағайындайды.

Осы жылы Орынбор өлкесінде бұратаналарға арналған мұғалімдер мектептерін құру туралы ережелерді әзірлеу үшін жасақталған арнайы комитеттің мүшесі болады [10; 361-362].

Сейітхан Жантурин әкесі Ахмет сияқты көп жылдар бойы қазақ халқының ауызша шығармашылығының үлгілерін жинақтаумен айналысты. 1875 жылы бұл материалдардың бір бөлігі Орыс географиялық қоғамының Орынбор бөлімінің «Жазбаларында» басылды [15]. Ол 1883 жылы «Коннозаводство» журналында «Қазақ жылқы шаруашылығының очерктері» деген еңбекті жариялайды [16]. 1885 жылы Орынборда С. Жантуриннің «Образцы киргизской поэзии в песнях эпического и лирического содержания, переложенных в русские стихи» [17] деген еңбегі басылып шықты. Бұл еңбекте С. Жантурин жолма-жол аударған қазақ жырларын П. Распопов өлең шумақтарымен берген.

Кейбір деректер бойынша Сейітхан өлең жазып, ән шығарған. Қ. Сәтбаев 1923 жылғы 13 желтоқсанда «Қазақ тілі» газетіне «Байшуақ» деген бүркеншек атпен «Обаған» әні туралы мақала жариялайды. Бұл мақалада «Обаған» әнінің шығу тарихы баяндалады: «Обаған» дейтін өзен аты. Сол Обаған өзенінің кең алқап, терең сай, биік жарында бұрынғы заманда Өсіп дейтін мырза болған екен... Өсіптің бала дегенде Ахық дейтін жалғыз ғана қызы болыпты. Ең дәулеттің арқасында өрім талдай бұралып өскен Ахық сұлуға Құдыкейкі деген Ахмет Жантуриннің офицер баласы ғашық болады. Жаңа өспірім, сымбатты жас офицер Жантуринге Ахықтың да көңілі бұрылады. Өсіп мырза қызы Ахықты Көкшетаудағы атақты Шыңғыстың баласы Сұлтанмахмұт деген адамға бермекші болады. Жантурин Өсіп мырзаға кісі салады. «Ахықты сүйгеніне берсе маған берсін, болмаса Сұлтанмахмұтпен жеңісіп, біріміз аламыз» дейді. Жантуринге беруге Шыңғыспен байласқан уәдесін бұза алмай, Сұлтанмахмұтқа беруге қызының көз жасын қия алмай Өсіп мырза сандалады. Сөйтіп жүргенде, Жантуринді әскер бастығы ұлық Орынборға шақырып әкетеді. Орынборға барып ашық кеуделі, нұрлы бет, құбылмалы қала әйелдерімен жүріп, бояма ғашықтықпен әбден танысып алған соң, Жантуриннің көңілі басылады. Махаббаты суый бастайды, Ахық ұмыт болады. Екі жылдан соң, Шыңғыстың баласы Сұлтан келіп, күйеушілеп жатып, ырым-жырымы біткен соң, Ахықты ұзатып алып кетеді. ...Ахық Жантуриннің шығарып берген әуелгі өлеңдерін үнемі әндетіп айтып отырады екен. ...Сырын сұрап, шерін қозғаған Сұлтанға Ахық бір күні шынын айтады, жүрегін ақтарады. Төре тұқымы текті Сұлтан бұл іске намыс қылады, зығырданады, қаны кайнайды, сорлы Ахықты масқаралап, төркініне әкеп тастайды. Сонымен не сүйгені Жантуринге бара алмай, не берген күйеуі Сұлтанмахмұтта тұра алмай, екі ортада дал болып Ахық сұлу қалған өмірін өз үйінде арылмас қайғы, ашылмас шерде өткізген екен. Сол уақыттағы Ахықтың әндетіп шырқап көңілін басатын әні осы «Обаған» екен» [18; 314-316].

Қоғам мүшелерінің санасында қалыптасқан ұжымдық жады бейнелерін, олардың өткен заманның саяси қайраткерлері туралы пайымдауларын зерделеу азаматтардың саяси билікке берген бағалауларын, бағдарлары мен үміттерін зерттеуге мүмкіндік береді. Ұжымдық жадыны зерттеу өткен тарихи оқиғаларды түсіндіруге және бағалауға көмектеседі. Тарихи ұжымдық жадыда шешімі әр адамның өміріне әсер еткен саяси қайраткерлер жайындағы естеліктер жақсы сақталады. Дүрбелең тарихи дәуірлер бейбіт және тыныш кезеңдерге қарағанда адамдардың жадында жарқын із қалдырады. М. Блоктың айтуынша, «әлеуметтік тіршіліктің бейбіт сабақтастығы жадыны беру үшін онша қолайлы емес» [19; 73].

Қорытынды

Сонымен, Қазақстанның түрлі аймақтары тұрғындарының тарихи жадысында жалпы ұлттық сипаттағы фактілермен қатар, жергілікті оқиғалар мен ел басқарған, мемлекеттік қызметте болған тұлғалар туралы мәліметтер сақталған. Халық арасында Жантуриндер әулеті туралы әңгімелер бүгінгі күнге дейін айтылады. Қолда бер деректерге қарағанда Ахмет Жантуриннің бейнесі оның баласы Сейітхан Жантуринге қарағанда қазақтардың жадында жақсы қалған. Жантуриндер әулеті XIX ғасырдағы патша реформаларының жүзеге асырылуына белсенді үлес қосты. Патша үкіметі қазақ шенеуніктеріне түрлі марапаттар мен әскери шендер беру арқылы оларды адал қызмет етуге ынталандырды.

Дәстүрлі қазақ қоғамында халық билеушілерге халық мүддесін қорғаушылар ретінде сенім артқан еді. XIX ғасырдың екінші жартысы халықтың билеушілер мен патша шенеуніктеріне деген көзқарасы өзгере бастады, оларға сын тұрғысынан қарап, баға бере бастады. Патша үкіметінің отаршылдық саясаты халық арасында сұлтандардың беделінің төмендеуіне әкелді. Көптеген ғасырлар бойы мемлекеттіліктің символы болған төрелер қоғамдағы өз рөлін жоғалта бастады. Жантуриндер әулетінің өкілдері XIX ғасырда қазақ даласында қалыптасқан жағдайға бейімделіп, Ресей империясының мемлекеттік басқару жүйесінде қызмет ету арқылы жергілікті басқаруға қатысты. Ахмет Жантурин

Шығыс бөлікті он жыл басқарса, оның бауыры Мұхаммед Жантурин он сегіз жылға таман билікті өз қолында ұстады. Ахмет және Мұхаммед Жантуриндердің (Мұқан сұлтан) есімдері тарихи жадыда сақталған жергілікті ақындар мен шешендердің шығармаларында айтылады.

Тарихи тұлғалардың қызметін жады феномені тұрғысынан зерттеудің маңыздылығы ғылыми және практикалық мәнімен түсіндіріледі. Тарихи жады — кез келген халықтың ұлттық санасының негізі. Ұжымдық жады деректері арқылы халықтың тарихи тұлғалар мен оқиғаларға, жалпы елдің тарихына деген көзқарастарын білуге болады. Тарихи жадыда ел басқарған, ұлтқа қызмет еткен мемлекет және қоғам қайраткерлері сақталады. XIX ғасырдағы тарихи жады деректері халықтың жадында қалған оқиғалар мен сол заманда өмір сүрген тұлғалар тізбегін бағамдауға мүмкіндік береді. Халық үшін қызмет еткен тұлғалар халық тарапынан мойындалып, тез арада халық арасында құрметке ие болып отырды. Билеушілер халыққа адал қызмет етсе, кейін қарапайым адамдардың санасында ұлттық және мемлекеттік көшбасшы ретіндегі бейнесі қалыптастырылды. Тарихи тұлғалардың әділдігі, адалдығы ерекше бағаланды. Кейде халық тарихи тұлғаларға олардың бойында болмаған жақсы қасиеттерді телді. Халық өткенді түсінуге және одан сабақ алуға тырысты.

Зерттеу Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің қаржылай қолдауы негізінде жазылды (Грант № AP19679853 «Тургай облысының аумағындағы Ресей империялық институттары мен жергілікті басқару органдары (1868-1917 жж.): отарлық жүйенің бейімделу практикалары»).

Әдебиеттер тізімі

- 1 Әбсадық А. Ахмет Жантурин: әділ төре, билеуші-сұлтан, қамқоршы қайраткер / Н.Ә. Назарбаевтың «Ұлы Даланың жеті қыры» мақаласын жүзеге асыру аясында Отан тарихындағы тұлғаның рөлі. Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдарының жинағы (19 қараша 2019 жыл). — Алматы: Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты, 2019. — Б. 136-140.
- 2 Избасарова Г.Б. Принципы функционирования властной элиты степи в политической организации Российской империи (на примере службы султана Ахмета Джантюрина) / Г.Б. Избасарова // Вестн. Моск. ун-та. Сер. 8. История. — 2015. — № 5/6. — С. 64–79.
- 3 Карджасов Х. Из воспоминаний о султанине Ахмете Джантюрине / Х. Карджасов // Тургайская газета. — 1895. — № 28. — С. 2, 3.
- 4 Васильев А.В. Неплюевский кадетский корпус как первое учебное заведение в истории русского образования киргизов / А.В. Васильев (псевдоним). — Оренбург: Типо-литография Н.Н. Жаринова, 1896. — 14 с.
- 5 Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений в пяти томах. — Т. 1 / Ч.Ч. Валиханов; В.Я. Васин, И.В. Ерофеева и др.; отв. ред. А.Х. Марғұлан. — Алма-Ата: Гл. ред. Казах. сов. энцикл., 1984. — 432 с.
- 6 Валиханов Ч.Ч. Сочинения Ч.Ч. Валиханова / Ч.Ч. Валиханов; под ред. Н.И. Веселовского. — СПб.: Типогр. Гл. упр. уделов, 1904. — 533 с.
- 7 «Ш. Уәлихановтың хаттары» сайты. — [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: <https://shoqan.kz/kz/letters/>.
- 8 Марғұлан Ә.Х. Шығармалары: он төрт томдық. 1 т. / Ә.Х. Марғұлан; құраст. Д.Ә. Марғұлан, Д.А. Марғұлан; бас ред. Т.С. Садықов. — Алматы: «Алатау» баспасы, 2007. — 608 б.
- 9 Султанғалиева Г.С. Судьба мусульманского лидера начала XX века султана Салимгирея Джантюрина: исторические условия и границы деятельности / Г.С. Султанғалиева // Политические лидеры тюркских и мусульманских народов Евразии: судьбы, идеи, личности. Начало XX века: материалы Междунар. науч.-практ. конф. (30 сентября 2016 года). — Алматы: КазНПУ им. Абая, 2016. — С. 25–27.
- 10 История Казахстана в русских источниках XVI–XX веков: [В 10 т.]. — Т. VIII. — Ч. 2. О почетнейших и влиятельнейших ордынах: алфавитные, именные, формулярные и послужные списки. 12 ноября 1827 г.–9 августа 1917 г. / Б.Т. Жанаева; науч. ред. И.В. Ерофеева. — Алматы: Дайк-Пресс, 2006. — 962 с.
- 11 Ижанов З. Әсиет / З. Ижанов // Ана тілі. — 2003. — № 6. — 13–ақпан. — Б. 11.
- 12 Добросмыслов А.И. Тургайская область. Исторический очерк / А.И. Добросмыслов // Изв. Оренбург. отдела Императорского Русского географического общества. — Вып. 17. — Тверь: Типо-литография Н.М. Родионова, 1902. — 524 с.
- 13 Шаяхмет А. Асаубай, айтқан сөзі қашаудай [Электрондық ресурс] / А. Шаяхмет // Егемен Қазақстан. — 2010. — 4 қыркүйек. — Қолжетімділік тәртібі: <https://egemen.kz/article/4993-asaubay-aytqan-sozi-qashauday>.
- 14 Сариева Ы. Текті Торғай / Ы. Сариева. — Алматы: Өлке, 2000. — 216 б.
- 15 Образцы киргизской поэзии, собранные и переведенные членом-сотрудником султаном Т.А. Сейдалиным и действ. членом султаном С.А. Джантюриным (с худ. пер. П.Н. Распопова) // Записки Оренбургского отдела Императорского Русского географического общества. — Оренбург, 1875. — Вып. 3. — С. 253–255.
- 16 Джантюрин С. Очерки киргизского коневодства / С. Джантюрин // Журнал коннозаводства. — 1883. — № 7. — С. 1–43.
- 17 Образцы киргизской поэзии в песнях эпического и лирического содержания, переложенных в русские стихи. С подстроч. пер., сделанного султаном Джантюриным, переложил русскими стихами П. Распопов. — Оренбург: Типо-литография Ефимского-Мироничского, 1885. — 85 с.

18 Сәтбаев К. Тандамалы / Қ. Сәтбаев; құраст. К.А. Ақышев, Т.М. Әлжанов. — 2-ші бас. — Шымкент: «Оңтүстік полиграфия», 2007. — 384 б.

19 Блок М. Апология истории, или Ремесло историка / М. Блок. — М.: Наука, 1993. — 414 с.

Т.А. Еришева, А.Б. Альдибаева, Л.Н. Ибраимов

Адаптация представителей местной власти в Казахстане к реформам XIX века и проблемы исторической памяти (на примере династии Жантуринных)

В статье проанализирована тенденция адаптации представителей местной власти из династии Жантуринных к реформам, проведенным царской Россией в Казахстане в XIX веке, на основе данных исторической памяти. Основная цель научной статьи — изучение процесса адаптации представителей династии Жантуринных к изменениям, внесенным Российской империей в систему управления казахской степью в XIX веке, и анализ деятельности султанских правителей и чиновников из этой династии в осуществлении административно-территориальных реформ. Авторы подробно рассмотрели политическую и общественную деятельность местных служащих колониальной администрации Ахмета, Мухаммеда и Сейтхана Жантуринных. Использовали труды дореволюционного периода, опубликованные в русских источниках и научных статьях о представителях династии Жантуринных.

Ключевые слова: историческая память, представители власти, династия Жантуринных, казахские чиновники, Российская империя, система правления, административно-территориальные реформы, правитель-султан.

T.A. Yerisheva, A.B. Aldibayeva, L.N. Ibraimov

Adaptation of representatives of local authorities in Kazakhstan to the reforms of the XIX century and problems of historical memory (on the example of Zhanturin dynasty)

The article analyzes the tendency of adaptation of representatives of local authorities from the Zhanturin dynasty to the reforms carried out by tsarist Russia in Kazakhstan in the XIX century, based on the data of historical memory. The main purpose of the scientific article is to study the process of adaptation of representatives of the Zhanturin dynasty to the changes introduced by the Russian Empire in the system of management of the Kazakh steppe in the XIX century, and to analyze the activities of the Sultan rulers and officials from this dynasty in the implementation of administrative and territorial reforms. The authors examine the political and social activities of local employees of the colonial administration of Akhmet, Muhammed and Seithan Dzhan-turinov. The researchers used works published in the pre-revolutionary period, published Russian sources and scientific articles on representatives of the Zhanturin dynasty.

Keywords: historical memory, representatives of power, Zhanturin dynasty, Kazakh officials, Russian Empire, system of government, administrative-territorial reforms, ruler-sultan.

References

- 1 Absadyk, A. (2019). Akhmet Zhanturin: adil tore, bileushi-sultan, qamqorshy qairatker [Akhmet Zhanturin: fair judge, ruler-sultan, patron]. *N.A. Nazarbaevtyñ "Uly Dalanyñ zheti qyry" maqalasyñ zhuzege asyru aiasynda Otan tarikhyndagy tulganyn roli. Khalyqaralyq gylimi-teoriialyq konferentsiia materialdarynyn zhinagy (19 qarasha 2019 zhyl) — Proceedings from The role of personality in the history of homeland in practical implementation of N.A. Nazarbayev's article "Seven faces of the Great steppe". International Scientific and Theoretical Conference (pp. 136-140)*. Almaty: Sh.Sh. Ualikhanov atyndagy Tarikh zhane etnologii instituty[in Kazakh].
- 2 Izbasarova, G.B. (2015). Printsipy funktsionirovaniia vlastnoi elity stepi v politicheskoi organizatsii Rossiiskoi imperii (na primere sluzhby sultana Akhmeta Dzhan-turina) [Principles of functioning of the power elite of the steppe in the political organization of the Russian Empire (on the example of the service of Sultan Akhmet Dzhan-turin)]. *Vestnik Moskovskogo universiteta. Seriia 8. Istoriiia — Bulletin of Moscow University, 8, 5/6, 64–79* [in Russian].
- 3 Kardzhasov, Kh. (1895). Iz vospominanii o sultane Akhmede Dzhan-turine [From the Memoirs of Sultan Ahmed Janturin]. *Turgaiskaia gazeta — Turgai newspaper, 28, 2–3* [in Russian].
- 4 Vasilev, A.V. (1896). Nepliyevskii kadetskii korpus kak pervoe uchebnoe zavedenie v istorii russkogo obrazovaniia kirgizov [Nepliyev Cadet Corps as the first educational institution in the history of the Russian education of the Kyrgyz people]. Orenburg: Tipo-litografiia N.N. Zharinova [in Russian].
- 5 Valikhanov, Ch.Ch. (1984). Sbranie sochinenii v piati tomakh [Collected works in five volumes]. A.Kh. Margulan (Ed.). Alma-Ata: Glavnaia redaktsiia Kazakhskoi sovetskoi entsiklopedii [in Russian].

- 6 Valikhanov, Ch.Ch. (1904). Sochineniia Ch. Valikhanova [Works by Ch. Valikhanov.] N.I. Veselovsky (Ed.). Saint-Petersburg: Tipo-litografiia Glavnogo upravleniia udelov [in Russian].
- 7 «Sh. Ualikhanovtyn khattary» saity [Site of Letters of Sh. Valikhanov]. Retrieved from <https://shoqan.kz/kz/letters/> [in Kazakh].
- 8 Margulan, A.Kh. (2007). Shygarmalary [Works]. D.A. Margulan, D.A. Margulan; T.S. Sadykov (Ed.). Vol. I. (Vols. 1-14). Almaty: «Alatau» baspasy [in Kazakh].
- 9 Sultangalieva, G.S. (2016). Sudba musulmanskogo lidera nachala XX veka sultana Salimgireia Dzhantiurina: istoricheskie usloviia i granitsy deiatel'nosti [Fate of the Muslim leader of the early twentieth century, Sultan Salimgirey Janturin: historical conditions and boundaries of activity]. Politicheskie lidery tiurskikh i musulmanskikh narodov Evrazii: sudby, idei, lichnosti. Nazalo XX veka: *Mezhdunarodnaia nauchno-prakticheskaia konferentsiia (30 sentiabria 2016 goda)* — Proceedings from Political leaders of Turkic and Muslim peoples of Eurasia: fates, ideas, personalities. Beginning of the XX century. *International Scientific and Practical Conference*. Almaty: Kazakhskii natsionalnyi pedagogicheskii universitet imeni Abaia, 25–27 [in Russian].
- 10 Zhanaeva, B.T., Erofeeva, I.V. (Ed.). (2006). Istoriia Kazakhstana v russkikh istochnikakh XVI–XX vekov [History of Kazakhstan in Russian sources of the XVI–XX centuries]. *Tom VIII. Chast 2. O pochetneishikh i vliiatelneishikh ordynsakh: alfavitnye, imennye, formulirnye i poslužnye spiski. 12 noiabria–9 avgusta 1917 g. — Vol. VIII. Part 2. About the most honorable and influential Horde citizens: alphabetical, nominal, formular and service lists. November 12, 1827–August 9, 1917*. Almaty: Daik-Press, 1–10 [in Russian].
- 11 IZHANOV, Z. (2003). Osiet [Guidance]. *Ana tili — Native language*, 6 (Feb. 13), 11 [in Kazakh].
- 12 Dobrosmyslov, A.I. (1902). Turgaiskaia oblast. Istoricheskie ocherk [Turgai region. Historical sketch]. *Izvestiia Orenburgskogo otdela Imperatorskogo Russkogo geograficheskogo obshchestva — Proceedings of the Orenburg Department of the Imperial Russian Geographical Society*. Issue. 17. Tver: Tipo-litografiia N.M. Rodionova [in Russian].
- 13 Shaiakhmet, A. (2010). Asaubai, aitqan sozi qashaudai [Asaubay's words]. *Egemen Qazaqstan — Sovereign Kazakhstan*, Sept. 4. Retrieved from <https://egemen.kz/article/4993-asabay-aytqan-sozi-qashauday> [in Kazakh].
- 14 Sarieva, Y. (2000). Tekti Torgai [Noble Turgay]. Almaty: Olke [in Kazakh].
- 15 Seydalin, T.A. & Dzhanturin, S.A. (1875). Obratzsy kirgizskoi poezii, sobrannye i perevedennye chlenom-sotrudnikom sultanom T.A. Seidalinym i deistvuiushchim chlenom sultanom S.A. Dzhantiurinym [Samples of Kyrgyz poetry collected and translated by Associate Member Sultan T.A. Seydalin and Full Member Sultan S.A. Dzhanturin] (with artistic translation by P.N. Raspopov). *Zapiski Orenburgskogo otdela Imperatorskogo Russkogo geograficheskogo obshchestva — Notes of the Orenburg Department of the Imperial Russian Geographical Society*, 3, 253–255 [in Russian].
- 16 Dzhantiurin, S. (1883). Ocherki kirgizskogo konevodstva [Essays on Kyrgyz horse breeding]. *Zhurnal konnozavodstva — Journal of Equine Breeding*, 7, 1–43 [in Russian].
- 17 Dzhantiurin, S. & Raspopov, P. (1885). Obratzsy kirgizskoi poezii v peshniakh epicheskogo i liricheskogo sodержaniia, perelozhennykh v russkie stikhi [Samples of Kyrgyz poetry in songs of epic and lyrical content, arranged in Russian verses]. P. Raspopov translated from the liner notes made by Sultan Dzhanturin into Russian verses. Orenburg: Tipo-Litografiia Efimskogo-Mironitskogo [in Russian].
- 18 Satbaev, K. (2007). Tandamaly [Favorites] / Compilers K.A. Akyshev, T.M. Alzhanov; second edition. Shymkent: «Ontustik poligrafiiia» [in Kazakh].
- 19 Blok, M. (1993). Apologiia istorii, ili Remeslo istorika [Apology of History of the Art of a Historian]. Moscow: Nauka [in Russian].

Information about authors

- Yerisheva, T.A.** — Master of history, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan;
- Aldibayeva, A.B.** — Master of history, M.H. Dulaty Taraz Regional University, Taraz, Kazakhstan;
- Ibrayemova, M.** — Candidate of historical sciences, Semey Medical University, Semey, Kazakhstan.